

**Әкімдіктің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 44 "Қостанай облысының аумағындағы " Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесінің күзет аймағын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер және толықтыру енгізу туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 қазандағы № 498 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қазанда № 7269 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 44 "Қостанай облысының аумағындағы "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесінің күзет аймағын белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5456 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 сәуірде "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер және толықтыру енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 123-бабына, "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және 18, 48, 53-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

1-тармақтың үшінші, төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес табиғи резерваты шекарасының периметрі бойынша күзет аймағының шекарасы;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес табиғи резерваттың күзет аймағының аумағында табиғат пайдалану режимі мен тәртібі .";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулы осы қаулының 1-қосымшасымен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.


3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы \_\_\_\_\_ Д. Жұмабаев

Әкімдіктің  
2017 жылғы 5 қазандағы  
№ 498 қаулысына 1-қосымша  
Әкімдіктің  
2015 жылғы 16 ақпандағы  
№ 44 қаулысына 1-қосымша

## Жоспарланатын "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерватын функционалдық аймақтарға бөлу картасы



**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесінің күзет аймағының аумағындағы табиғат пайдалану режимі мен тәртібі**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің "Алтын Дала" мемлекеттік табиғи резерваты" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - табиғи резерват) күзет аймағында:

- 1) мемлекеттік табиғи резерваттың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологиялар енгізуге;
- 2) атмосфераға және ашық су көздері мен рельефке ластаушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге;
- 3) пайдалы қазбалар өндіруге;
- 4) аң аулауға;
- 5) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;
- 6) мемлекеттік табиғи резерваттың экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертетін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға);
- 7) жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөтен түрлерін жерсіндіруге;
- 8) мемлекеттік табиғи резерваттың экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін басқа да қызметке жол берілмейді.

2. Табиғи резерваттың күзет аймағының аумағында табиғи резерваттың экологиялық жүйелерінің жай-күйіне теріс әсер етпейтін шаруашылық қызметтің мынадай әртүрлі нысандары жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) орман шаруашылығы қызметі;
- 2) мал жайылымы және шөп шабуды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық саналуандықты ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шеңберіндегі өзге де қызмет;
- 3) туристік және рекреациялық қызмет;
- 4) минералды суларды, жер астының жылы суларын және климаттық ресурстарды пайдалану;
- 5) кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) балық аулау;

6) орман және дала өрттерін сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу;

7) бүлінген жерлерді рекультивациялау;

8) орман және өзге де өсімдік қауымдастықтарын қалпына келтіру;

9) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;

10) жер учаскелерін туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарлардың эндемикалық, сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін жасанды жолмен көбейту, өсіру, өндіру үшін питомниктер салу, мемлекеттік табиғи резерват қызметкерлерінің тұруы үшін қызметтік үй-жайлар (кордондар) салу, оларға қызмет бабындағы жер үлестерін беру үшін пайдалану.

3. Табиғи резерваттың күзет аймағында осы қосымшаның 2-тармағында аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге, сондай-ақ табиғи резерваттың өзге объектілеріне қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге тиіс.